HR-Басқарма басшысы	Голдобина М.А.			__._.2013.
Кепілмен жұмыс істеу жөніндегі басқарма басшысы	Мельник В.Б.			__._.2013.
Халықаралық және қаржылық есептілікті дайындау бөлімі	Оспанова Э.Р.			__._.2013.
Жоспарлау, қаржыны бақылау және басқару есептілігі басқармасының басшысы	Жарылкасынов Д.А.			__._.2013.
Ашық нарықтағы Операция бөлімінің басшысы	Лаптиев Ю.А.			__._.2013.
Орындаушы :	Аты-жөні			Телефон
БЖЖжәнеМБ басшысы	Исайчева Т.П.	/ /2013		4453
БЖЖжәнеМБ бас маманы	Отарбаева А..Ж.	/ /2013		4074
	Бекітілді	Директорлар Кеңесінің шешімі		
		19.08.2013 жылғы №54 хаттама		
	Өзгертулер тарихы			
	№1 өзг. және толық.	12.09.2016 жылғы №32 хаттама		

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ.....	20
2. ПАЙДАЛАНАТЫН ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР.....	20
3. БАНКТИҢ ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТЫ.....	21
4. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТТЫ АШУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ.....	22
5. БАНКТИҢ ИНСАЙДЕРЛЕРІ.....	22
6. ИНСАЙДЕРЛЕР ТІЗІМІН ЖҮРГІЗУ.....	24
7. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТТЫҢ ПАЙДАЛАНУДЫ ЖӘНЕ ҚҰПИЯЛЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ БАҚЫЛАУ.....	Ошибка! Закладка не определена.
8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	26

№№1-5 қосымшалар (6 беттен тұрады)

№1 қосымша Инсайдерлер тізімі

№2 қосымша Инсайдер мәртебесіне ие болу туралы жеке тұлғаға хабар беру

№3 қосымша Инсайдер мәртебесіне ие болу туралы заңды тұлғаға хабар беру

№4 қосымша Банк инсайдерлерінің тізімінен шығару / Инсайдер мәртебесі жөнінде хабарлау

№5 қосымша Акционерлер мен инвесторларға хабарланатын Банктің Директорлар Кеңесімен қабылданған шешімдер мәселелерінің тізімі

9. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

9.1. Осы «Альфа-Банк» Инсайдерлік ақпаратқа өкімдік жүргізуге және пайдалануға ішкі бақылау жүргізу ережесі (бұдан былай мәтін бойынша - Ереже) Қазақстан Республикасының 2 шілде 2003 жылғы «Бағалы қағаздар нарығы туралы» № 461-ІІ Заңы, Қазақстан Республикасының 13 мамыр 2003 жылғы «Акционерлік қоғамдар туралы» № 415-ІІ Заңы, 24 ақпан 2012 жылғы Қазақстан Республикасының Ұлттық банк Басқармасының № 69 Қаулысы және Қазақстан Республикасының басқа қолданыстағы нормативтік құқықтық актілері, Банк Жарғысы, «Альфа-Банк» ЕБ АҚ корпоративтік нормативтік құжаттары (бұдан былай - Банк) негізінде және сәйкес әзірленген.

9.2. Ереже инсайдерлік ақпаратты басқару және пайдалану тәртібін анықтауға, инсайдерлік ақпаратқа қатынау құқықтарын айыруға және бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарықта да, ұйымдастырылмаған нарықта да Банктің бағалы қағаздар айналымы процесінде Инсайдерлермен осындай ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеуге бағытталған.

9.3. Осы Ережелерді банктің Жауапты бөлімшелерімен жүзеге асырылуды жалпы бақылау функциялары Банктің Комплаенс-бақылау басқармасымен жүзеге асырылады.

9.4. Ереже мемлекеттік және орыс тілдерінде Банктің корпоративтік веб-сайтында немесе сауда-саттық ұйымдастырушысының интернет ресурсында, немесе Банк Инсайдерлеріне қол жетімді кез келген басқа жерде орналастырылады.

10. ПАЙДАЛАНАТЫН ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

Осы Ережелерде келесі терминдер мен қысқарған сөздер қолданылады:

Инсайдер	Инсайдерлік ақпаратқа жалпы қол жететін тұлға
Инсайдерлік ақпарат	Бағалы қағаздар (туынды қаржылық аспаптар), олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туынды қаржылық аспаптарды) шығарған (берген) эмитент, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беймәлім, жария етілуі бағалы қағаздар (туынды қаржылық аспаптар) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне ықпал етуі мүмкін өзге де ақпарат
Инсайдерлер тізімі (Тізім)	Осы Ережелерге сәйкес жасалатын және жаңартылатын Банктің Инсайдерлік ақпаратына қатынай алатын тұлғалар тізімі. Банктің Инсайдерлер тізімі дербес деректерден тұрады, құпия құжат болып табылады және КББ сақталады.
Өкілетті орган	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
КББ	Комплаенс-бақылау басқармасы
Жауапты бөлімшелер	Банкте Инсайдерлердің туындауы/тоқтауы туралы Комплаенс-бақылау басқармасына уақтылы ақпарат беруге жауапты Банктің құрылымдық бөлімшелері. Осындай құрылымдық бөлімшелер болып өзінің қызметі аясында Банк Инсайдерлерімен шарттар жасасуды қамтамасыз ететін, Банктің корпоративтік оқиғаларын ұйымдастыруға тікелей қатысатын, клиент қызығушылығында қаржы аспаптарымен операцияларды жүзеге асыратын, басқа да әрекеттерді жүзеге асыратын, асыру барысында Жауапты бөлімшелердің қызметкерлері Банкте Инсайдерлердің туындауы/тоқтауы жөнінде ақпарат ала алатын, бөлімше

	табылады.
Lotus Notes	Банктің электронды құжат айналымының жүйесі
Корпоративті веб-сайт	Банктің интернет ресурсы - www.alfabank.kz

11. БАНКТИҢ ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТЫ

11.1. Банктің Инсайдерлік ақпаратына келесі ақпарат жатады:

- 3) Бағалық қағаздар ұстаушыларының қызығушылығын қозғайтын Банктің қызметіндегі өзгерістер туралы ақпарат:
 - Банк органдарының құрамының өзгеруі;
 - Банктің дауыс беруші акциялардың (үлестердің) 10 және одан көп пайызға ие болатын акционерлер (қатысушылар) құрамының өзгеруі;
 - Банкті, оның еншілес ұйымдарын және тәуелді акционерлік қоғамдарды қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - Банк мүлігіне тыйым салу;
 - Банк активтерінен 10 және одан көп пайызды құрайтын сомаға Банк мүлігін кепілге беру (қайта кепілге беру) ;
 - Банк лицензиясын алу, тоқтату немесе айыру;
 - Банк акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының шешімі;
 - акционерлер мен инвесторларға хабарланатын осы Ережелердің №5-Қосымшасында көрсетілген мәселелер тізімі бойынша Банктің Директорлар Кеңесімен қабылданған шешімдер;
 - Банк әрбір осындай ұйымның акциясының (үлестерінің, пайлардың) 10 және одан көп пайызына ие болатын ұйымдар тізіміндегі өзгеріс;
 - эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісіндегі өзгеріс;
 - Банктің мемлекеттік емес облигацияларды шығару проспектісімен көзделген шарттарын, Банкпен жол берілген дефолт деректерін сақтамау туралы ақпарат.
- 4) Банктің корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат:
 - акционерлер мен инвесторларға хабарланатын осы Ережелердің №5-Қосымшасында көрсетілген мәселелер тізімі бойынша Акционерлердің жалпы жиналысымен және Банктің Директорлар Кеңесімен қабылданған шешімдер;
 - Банкпен акцияларды және басқа бағалы қағаздарды шығару және Банктің өкілетті органымен Банктің бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Банктің бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекіту, өкілетті органымен Банктің бағалы қағаздарының күшін жою;
 - Банкпен ірі мәмілелер және жасасу кезінде Банк қызығушылық танытқан мәмілелер жасасу;
 - Банк активтерінен 5 (бес) және одан көп пайызды құрайтын сомаға қоғамның мүлігін кепілге беру (қайта кепілге беру);
 - Банктің меншік капиталының мөлшерінен 25 (жиырма бес) және одан көп пайызды құрайтын мөлшерде Банкпен қарыз алу;
 - Банкпен қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға лицензия/рұқсат алу, қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға банкпен бұрын алынған лицензияның/рұқсаттың әрекет етуін тоқтату немесе тоқтатылу;
 - Банктің заңды тұлғаны құруға қатысу;
 - Банк мүлігіне тыйым салу;
 - баланстық құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінен 10 (он) және одан көп пайызды құраған Банк мүлігі ақыр соңында жойылған төтенше сипатқа ие болатын жағдайлардың басталуы;
 - Банкті және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
 - сотта корпоративтік дау бойынша істі қозғау;
 - Банкті мәжбүрлі тарату туралы шешім;

- Банктің Жарғысына, сондай-ақ, Банктің бағалы қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес Банк акционерлерінің және инвесторлардың қызығушылығын танытатын басқа оқиғалар.

3.2. Инсайдерлік ақпаратқа келесілер жатпайды:

- бағалы қағаздар құнына (туынды қаржылық аспапқа), инвестициялық шешімдерді қабылдау мақсатында өндірілген Банктің мүліктік жағдайына және немесе Бағалы қағаздармен (туынды қаржылық аспаптармен) операцияларды жүзеге асыру жөнінде ұсыныстарды немесе ұсынымдарды дайындауға қатысты зерттеуді, болжауды және бағалауды қоса алғанда, жалпыға қол жетімді мәліметтер негізінде дайындалған ақпарат;
- бұқаралық ақпарат көздерінен алынған ақпарат;
- тұлғалар арасында кеңінен таралған дереккөзі белгісіз расталмаған ақпарат, сондай-ақ, Банктің ағымды немесе жоспарлы қызметіне қатысты болжам.

12. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТТЫ АШУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ

12.1. Банктің инсайдерлік ақпараты жауапты құрылымдық бөлімшелермен дайындалады және Банктің веб-сайтына, бірақ сауда-саттық ұйымның және қаржылық есептілік депозитарийдің интернет - ресурстарына орналастырудан ерте емес мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастыру арқылы ашылады.

12.2. Инсайдерлік ақпаратты сауда-саттық ұйымның және қаржылық есептілік депозитарийінің ресурстарына орналастыру, жасау және бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау тәртібі Банктің ішкі құжатымен реттеледі.²

12.3. Банктің бағалы қағаздарын сауда-саттық ұйымның тізіміне қосу барысында, Банк және Банк Инсайдерлерінің тізіміне қосылған тұлғалар сауда-саттық ұйымның белгіленген ережелері тәртібінде және шарттарында осы бағалы қағаздарды (туынды қаржылық аспаптарды) саудаға салуға дейін ашу олардың құнына және Банктің қызметіне әсерін тигізетін Банк және олармен шығарылған (берілген) бағалы қағаздар туралы Инсайдерлік ақпаратты ашуды қамтамасыз етеді.

12.4. Шет мемлекеттің аумағында жұмыс істейтін, қор биржаларының сауда жүйелерінде сауда-саттықты ұйымдастырушының тізіміне енгізілген бағалы қағаздардың айналысы кезінде Инсайдерлік ақпараты мынадай тәсілдердің бірі арқылы ашылуға жатады:

3) Инсайдерлік ақпарат тұлғалардың кең ауқымы аясында ашу болжанатын хабарламалар тізіміне Банктің бағалы қағаздары енгізілген барлық қор биржаларының атына бір мезгілде жіберіледі, содан кейін осы Ережелермен анықталған өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылады (таратылады);

4) Инсайдерлік ақпарат тұлғалардың кең ауқымы аясында ашу болжанатын хабарламалар Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының атына жіберіледі, содан кейін тізіміне Банктің бағалы қағаздары енгізілген шет мемлекеттің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларының атына жіберіледі және осы Ережелермен анықталған өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылады (таратылады).

12.5. Банктің корпоративтік веб-сайтында жарияланған инсайдерлік ақпарат жариялаған күннен бастап, 1 (бір) жыл ішінде тұлғалардың шектелмеген ортасына қол жетімді болуы тиіс.

13. БАНКТІҢ ИНСАЙДЕРЛЕРІ

13.1. Банк Инсайдерлері деп келесі тұлғалар танылады:

² 20.01.2016 жылғы Банк Басқармасы Төрағасының №23 бұйрығы немесе оны алмастыратын басқа құжат

13.1.1. Олардың функционалды міндеттері мен өкілдіктері түрінде Инсайдерлік ақпаратқа қатынай алатын Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері. Оларға келесілер жатады:

- 10) Банк Директорлар Кеңесінің Төрағасы;
- 11) Банк Директорлар Кеңесінің Мүшелері;
- 12) Банк Басқармасының Төрағасы және мүшелері;
- 13) Қаржы Директоры;
- 14) Банктің Бас бухгалтері;
- 15) Қазынашы;
- 16) Директорлар Кеңесінің Хатшысы;
- 17) Алқалы органдар хатшылар алқасы;
- 18) Банктің Бас кеңесінің дербес құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері:
 - Заң Департаментінің;
 - Ішкі аудит қызметінің;
 - Комплаенс-бақылау басқармасының;
 - Тәуекелдер бойынша Дирекцияның;
 - Қаржы аспаптарымен және сауда-саттық қаржыландырумен жұмыс істеу жөніндегі басқармасының;
 - Қаржы есептілігі және бақылау бөлімінің;
 - Ашық нарықтағы операциялар бөлімінің.

Банк Инсайдерлерінің осы санатына жатқызылған тұлғалар (осы Ережелердің 5.1.1-тармақшасы) олардың Банкпен жасалған еңбек шартының әрекет ету мерзімі бойында осындай болып қалады.

13.1.2. Осы Ережелердің 5.1.1-тармақшасында көрсетілмеген, Инсайдерлік ақпаратқа уақытша қатынай алатын Банк Қызметкерлері олардың сәйкес жобаға қатысу түрінде Банк Инсайдерлері санатына жатады да, осындай болып Инсайдерлік ақпарат ашылғанша қала береді.

13.1.3. Инсайдерлер болып сонымен келесілер болып табылады:

- 1) Банктің дауыс беруші акциясының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) 10 және одан да көп пайызын жанама немесе тікелей басқару және (немесе) пайдалану күшінде Инсайдерлік ақпаратқа қол жетімділікті иеленген тұлғалар;
- 2) аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатынасушылары және Банктің Инсайдерлік ақпаратын ашып көрсетуді қарастырған талаптарда жасалған шартқа (оның ішінде ауызша) сәйкес Банкке қызмет көрсететін басқа тұлғалар;
- 3) Банктің шығарған (берген) бағалы қағаздары (туынды қаржылық аспаптар) тізіміне енген сауданы ұйымдастырушылар;
- 4) қор биржаларының, қор биржаларының листингтік комиссиясының және айла-шарғы жасау мақсатында жасалған бағалы қағаздармен және басқа қаржылық аспаптармен мәмілені тану мәселелерін қарастыру мақсатында құрылған Банктің бағалы қағаздармен және басқа қаржылық аспаптармен мәмілесіне қорытынды жасайтын сауда жүйесіндегі қор биржасының сараптамалық комиссиясының директорлар кеңесінің мүшелері;
- 5) олардың қызметіне және өкілеттілігіне берілген Инсайдерлік ақпаратқа қол жетімділікке иелене алатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің және ведомствосының қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер;
- 6) Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жетімділікті өздеріне берілген өкілеттіктің күшімен иеленген осы тармақтың 1)- 3) тармақшасында көрсетілген ұйымдар мен Банк мүшелері болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өзін-өзі реттеуші ұйымдар;
- 7) Өздерінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттемелеріне байланысты Инсайдерлік ақпаратқа қол жетімділікті иеленген осы Ереженің тармағының 1)- 3) және 6)- тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың қызметкерлері;
- 8) Осы тармақтың жоғарыда атап өтілген тұлғалардан Банктің инсайдерлік ақпаратын алған тұлғалар.

14. ИНСАЙДЕРЛЕР ТІЗІМІН ЖҮРГІЗУ

14.1. Жауапты бөлімшелер осы Ережелердің 5.1.1-тармағының 1)-9)-т. және 5.1.1-тармағының 1)-3)-т. көрсетілген тұлғаларды ғана Банк Инсайдерлерінің тізіміне қосады.

14.2. КББ Жауапты бөлімшелермен берілген деректерді шоғырландырғаннан кейін әрбір айдың бірінші жұмыс күнінде бірыңғай Банк Инсайдерлерінің тізімін жүргізеді:

- осы Ережелердің 5.1.1-тармағының 1)-9)- тармақшалары бойынша - Персоналмен жұмыс істеу жөніндегі басқармадан алынған деректер негізінде;
- осы Ережелердің 5.1.2-тармағы бойынша - Жауапты бөлімшелердің жетекшілерімен берілген деректер негізінде;
- осы Ережелердің 5.1.3-тармағының 1)- тармақшасы бойынша - Бас бухгалтерия басқармасынан алынған деректер негізінде;
- осы Ережелердің 5.1.3-тармағының 6)- тармақшасы бойынша - ұйымдармен өзара әрекеттесуге жауапты бөлімшелер жетекшілерінен алынған деректер негізінде;
- осы Ережелердің 5.1.3-тармағының 2)- тармақшасы бойынша - көрсетілген Банк Инсайдерлерімен азаматтық-құқықтық қарым-қатынастарды орнатуға жауапты бөлімшелер жетекшілерінен алынған деректер негізінде;
- осы Ережелердің 5.1.3-тармағының 3)- 4) тармақшалары бойынша - ашық нарықтағы операциялар бөлімінен алынған деректер негізінде,

14.3. Жауапты бөлімшелер осы Ережелердің №1 Қосымшасына сәйкес қалып бойынша Тізімге (Тізімнен) қосқан (шығарған) мезеттен бастап, екі жұмыс күн ішінде инсайдерлер құрамының өзгергендігін КББ хабарлайды. Жауапты бөлімшелер ақпараттың толық болуына және расталғандығына, сондай-ақ, оны беру және оны өзекті күйде ұстап тұру мерзімдерін сақтауға жеке жауап береді.

14.4. Банктің Басқарма Төрағасының немесе оны алмастыратын тұлғаның қойылған қолымен банк Инсайдерлер тізімі келесілерге беріледі:

- Өкілетті органына - талапта көрсетілген мерзімде оларды талаптары бойынша (жауапты бөлімше болып КББ табылады);
- қор биржаларына - қор биржасының ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте және мерзімде немесе талапта көрсетілген мерзімде оларды талаптары бойынша (жауапты бөлімше болып Қаржы институттармен және сауданы қаржыландырумен жұмыс істеу жөніндегі басқарма табылады);
- Эмитенттерге, оларға қатысты Банк Инсайдер болып табылады (Эмитенттің Инсайдерлік ақпаратына қол жетімділікке ие болатын банктің қызметкерлері бөлігінде)- жазбаша сұрау алғаннан кейін бес жұмыс күн ішінде (жауапты бөлімше болып КББ табылады).

14.5. КББ келісу бойынша Банктің жауапты бөлімшелері Банк Инсайдерлеріне Банк Инсайдерлерінің тізіміне (тізімнен) қосу (шығару) туралы, Қазақстан Республикасы заңнамасының осы Ережелердің № 2,3,4 Қосымшаларына сәйкес қалып бойынша Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалану және басқару бойынша осы Ережелердің талаптарын бұзғаны үшін артылатын жауапкершілік жөнінде хабарлайды. Хабарлама Банк Инсайдерлерінің тізіміне (тізімнен) қосу (шығару) күнінен бастап, екі жұмыс күннен кеш емес Банкке мәлім болған мекенжай бойынша тапсырыс хатпен немесе Банк Инсайдерлер тізіміне енгізілген тұлғаның электронды поштасына жіберіледі. Банк қызметкерлері болып табылатын Банк Инсайдерлеріне хабарлама Lotus Notes бойынша жіберіледі. Қол қойылған хабарлама хабарламаны алған күннен бастап, екі жұмыс күн ішінде Банкке қайтарылып берілуі тиіс.

14.6. Осы Ережелердің 5.1.3-тармағының 1)- 3)- тармақшаларында көрсетілген Банк Инсайдерлері Банкке осы Ережелердің № 1 Қосымшасына сәйкес қалып бойынша Тізімге (тізімнен) қосу (шығару) мезетінен бастап, келесі жұмыс күннен кешіктірместен, Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жетімді өз қызметкерлері жөнінде хабарлайды. Жауапты бөлімшелер оларға қатысты бөлікте Инсайдерлерден тиісті ақпаратты беру бақыланады және КББ беріледі.

14.7. Шеттегі ұйымдардан Банкті Ұйым инсайдерлерінің тізіміне қосу туралы хабарлама келіп түскен кезде КББ келісу бойынша Жауапты бөлімшелер Инсайдер ретінде Банк біліктілігінің заңдылығын талдайды. КББ оң қорытындысы барысында Жауапты бөлімшелер Банк Инсайдер болып табылатынға қатысты Ұйым тізіміне ақпаратты енгізеді де, осы ұйымдардың Инсайдерлік ақпаратына қол жетімді болатын Банк Қызметкерлерінің тізімін жасайды. Ұйымның сәйкес сұрауы келіп түскен кезде Банк бес жұмыс күн ішінде Банк Қызметкерлер тізімінің деректерін береді. Өз кезегінде КББ №2 Қосымшаға сәйкес Банк қызметкерлеріне олар Ұйым инсайдерлері ретінде танылғандығы жөнінде хабарлайды.

14.8. КББ Инсайдер мәртебесіне ие болу/шығару туралы барлық жіберілген және алған хабарламаларға есеп жүргізеді және оларды сақтауды қамтамасыз етеді.

14.9. Үшінші тұлғалар Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жетімділікке ие бола алатын күшінде азаматтық-құқықтық шарттарды жасасқан жағдайда шартта осы Ережелердің талаптарын сақтау туралы үшінші тұлғалардың міндеттемелері көзделуі тиіс. Осы тармақты сақтауға жауапкершілік Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жетімділікке ие болған тұлғалармен шарттар жасасуды бастамашылық ететін Банктің құрылымдық бөлімшелеріне артылады.

15. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТТЫҢ ПАЙДАЛАНУДЫ ЖӘНЕ ҚҰПИЯЛЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ БАҚЫЛАУ

15.1. Инсайдерлік ақпарат ол туындаған мезеттен бастап, Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе осы Ережелерге сәйкес тұлғалардың шектелмеген ортасында оны ашқан мезетіне дейін Инсайдерлік болып табылады.

15.2. Инсайдерлер құқылы емес:

- ✓ Инсайдерлік ақпаратты бағалы қағаздармен (туынды қаржылық аспаптармен) мәміле жасау кезінде пайдалануға;
- ✓ Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайлардан басқа Инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғаларға қол жетімділік жасауға;
- ✓ үшінші тұлғаларға Инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәміле жасау туралы ұсыныстарды беруге.

15.3. Осы Ережелердің 5.1.3-тармағының 1)- 3) және 6)- тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар міндетті:

- ✓ өзінің қызмет бабы және Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жетімділігінің еңбек міндеттемелері күшіне ие болатын өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;
- ✓ Инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салу бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Ережелердің талаптары жөнінде өз қызметкерлеріне хабарлауға;
- ✓ Осы Ережелермен белгіленген тәртіпте және мерзімде өзінің қызмет бабы және Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жетімділігінің еңбек міндеттемелері күшіне ие болатын өз қызметкерлері жөнінде Банкке хабарлауға;
- ✓ Құпия құжаттарға қолданылатын режимді сақтауды қамтамасыз етуге.

15.4. Мәртебесі бойынша Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жетімді емес Банк Қызметкерлері Банк Инсайдер болып табылатын, алайда Инсайдерлік ақпаратқа қатысты ақпарат қандай да бір себептермен мәлім болған ұйымдар міндетті:

- ✓ Инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтау бойынша шаралар қолдануға;
- ✓ осындай Инсайдерлік ақпараттың таралуына немесе үшінші тұлғаларға берілуіне жол бермеуге;
- ✓ өзі жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшенің жетекшісіне және КББ осы дерек жөнінде дереу хабарлауға.

15.5. Инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз ашу қаупі немесе дерегі анықталған кезде, немесе Инсайдерлік ақпараттан тұратын құжаттарды (ақпарат арқауларын) жоғалтқанда, Инсайдерлер КББ дереу хабарлауға міндетті.

15.6. Осы Ереженің талаптарын Инсайдерлер бұзғаны туралы ақпаратты алған кезде, оның ішінде, сауда-саттық ұйымдарынан, өкілетті органына немесе бөгде тұлғалардан хат түскен кезде Банк кінәлі тұлғаларды немесе ақпараттың таралу көзін айқындау мақсатында, қызметтік тексеру жүргізуге бастама жасайды.

15.7. Банк қызметтік тексерулердің нәтижесі бойынша келесі шешімдерді қабылдайды:

- заттардың шынайы жағдайы туралы Банктің баспасөз релизін шығару туралы;
- тиісті биржаға, қаржыны қадағалау органына немесе сот органына жүгіну;
- болашақта Ережені бұзуға жол бермеу туралы;
- Ережені сақтауға бақылауды күшейту туралы;
- ҚР еңбек заңнамасында қарастырылған Банктің қызметкерлеріне тәртіптік жауапкершілік шараларын қолдану;
- Банк инсайдерінің әрекеттері/әрекетсіздігінен салдарынан Банкке келтірілген материалдық залалдың және/немесе іскерлік абыройына залалдың орнын толтыруды талап ету;
- кінәлі тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін (қылмыстың белгілері бар болуында) құқық қорғау органдарына істің материалдарын жіберу туралы;
- өзге де заңды шаралар.

16. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

16.1. Осы Ережелер Банктің Директорлар Кеңесімен оларды бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

16.2. Банктің Инсайдерлері, қызметкерлері осы Ережеде баяндалған талаптардың сақталуы үшін жауапкершілікте болады.

16.3. Осы Ережеде қарастырылған шектеулерді сақтамаған жағдайда, Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғанда және таратқанда, осындай бұзушылықтарға жол берген тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктерге тартылады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес олар тәртіптік жауапкершілік шараларына тартылуы мүмкін.

16.4. Осы Ережелер Қазақстан Республикасы заңнамасы өзгерген және/немесе толықтырылған шамада өзгертуге және/немесе толықтыруға жатады.

Хабарламаны жіберген күн:
«__» _____ 20__ ж.

**«Альфа-Банк» ЕБ АҚ Инсайдер мәртебесіне ие болу туралы жеке тұлғаға
хабар беру**

Осымен «Альфа-Банк» ЕБ АҚ (бұдан былай - Банк)
_____ (жеке тұлғаның аты-жөнін көрсету қажет)
«__» _____ 201__ жылдан бастап, Сіз Қазақстан Республикасының «Бағалы
қағаздар нарығы туралы» Заңының 56-1-б. 3-т. сәйкес Банк Инсайдері деп танылатыны
хабарланады.

Осыған байланысты Сіз Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы
туралы» Заңын, сондай-ақ, «Альфа-Банк» ЕБ АҚ Инсайдерлік ақпаратқа өкімдік жүргізуге
және пайдалануға ішкі бақылау жүргізу ережелерін қоса алғанда, Банктің Инсайдерлік
ақпаратын пайдалану/жариялау бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының
талаптарын сақтауға міндеттісіз, соның ішінде:

- 1) эмитент Банк болып табылатын бағалы қағаздармен (туынды қаржылық
аспаптармен) мәміле жасасу барысында Банктің Инсайдерлік ақпаратын
қолданбауға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайлардан басқа
Инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға бермеуге немесе үшінші тұлғаларға
қол жетімділік жасамауға;
- 3) үшінші тұлғаларға Инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен
мәміле жасау туралы ұсыныстарды бермеуге.

Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын және/немесе «Альфа-Банк» ЕБ
АҚ Инсайдерлік ақпаратқа өкімдік жүргізуге және пайдалануға ішкі бақылау жүргізу
ережелерін бұзғаны үшін Сіз Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапқа
тартыласыз.

«Альфа-Банк» ЕБ АҚ Инсайдерлік ақпаратқа өкімдік жүргізуге және пайдалануға
ішкі бақылау жүргізу ережелерінің толық мәтіні Банктің www.alfabank.kz корпоративтік
веб-сайтында орналастырылған.

Қол қойып, осы хабарламаның қол қойылған көшірмесін Банкке осы хабарламаны
алған күннен бастап, екі жұмыс күннен кешіктірместен беруді сұраймыз.

Инсайдерлік ақпаратқа өкімдік жүргізуге және пайдалануға ішкі бақылау жүргізу
ережелерімен танысып шықтым

(Аты-жөні, қолы)

Күні _____

Хабарламаны жіберген күн:
«__» _____ 20__ ж.

«Альфа-Банк» ЕБ АҚ Инсайдер мәртебесін алу туралы заңды тұлғаға хабар беру

Осымен «Альфа-Банк» ЕБ АҚ (бұдан былай - Банк) _____ (заңды тұлғаның аты-жөнін көрсету қажет) «__» _____ 201__ жылдан бастап, Банк Инсайдеріне ие болғанын хабарлайды, осыған байланысты *(негізді көрсету қажет)*:

- Банктің дауыс беруші акциясының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) 10 және одан да көп пайызын жанама немесе тікелей басқару және (немесе) пайдалану, ие болу құқығына ие;
- эмитент Банк болып табылатын бағалы қағаздар (туынды қаржылық аспаптар) тізіміне енген сауда ұйымдастырушысы болып табылады;
- Банктің Инсайдерлік ақпаратын ашып көрсетуді қарастырған талаптарда жасалған шартқа (оның ішінде ауызша) сәйкес Банкке қызмет көрсететін аудиторлық ұйым болып табылады;
- Банктің Инсайдерлік ақпаратын ашып көрсетуді қарастырған талаптарда жасалған шартқа (оның ішінде ауызша) сәйкес Банкке қызмет көрсететін бағалаушы болып табылады;
- Банктің Инсайдерлік ақпаратын ашып көрсетуді қарастырған талаптарда жасалған шартқа (оның ішінде ауызша) сәйкес Банкке қызмет көрсететін өзге заңды тұлға болып табылады.

Осыған байланысты Сіз Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңын, сондай-ақ, «Альфа-Банк» ЕБ АҚ Инсайдерлік ақпаратқа өкімдік жүргізуге және пайдалануға ішкі бақылау жүргізу ережелерін (www.alfabank.kz корпоративтік веб-сайтта орналастырылған) қоса алғанда, Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалану/жариялау бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндеттісіз, соның ішінде:

- 1) эмитент Банк болып табылатын бағалы қағаздармен (туынды қаржылық аспаптармен) мәміле жасасу барысында Банктің Инсайдерлік ақпаратын қолданбауға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайлардан басқа Инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға бермеуге немесе үшінші тұлғаларға қол жетімділік жасамауға ;
- 3) үшінші тұлғаларға Инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәміле жасау туралы ұсыныстарды бермеуге;
- 4) өзінің қызмет бабы және Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жетімділігінің еңбек міндеттемелері күшіне ие болатын өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;
- 5) өз қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары, соның ішінде, Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңы және «Альфа-Банк» ЕБ АҚ Инсайдерлік ақпаратқа өкімдік жүргізуге және пайдалануға ішкі бақылау жүргізу ережелерін, атап айтқанда, Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салу жөнінде ақпарат беруге;
- 6) «Альфа-Банк» ЕБ АҚ Инсайдерлік ақпаратқа өкімдік жүргізуге және пайдалануға ішкі бақылау жүргізу ережелермен белгіленген тәртіпте және мерзімде өзінің қызмет

бабы және Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жетімділігінің еңбек міндеттемелері күшіне ие болатын өз қызметкерлері жөнінде Банкке хабарлауға;

7) Банктің құпия құжаттарына қолданылатын режимді сақтауды қамтамасыз етуге.

Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын және/немесе «Альфа-Банк» ЕБ АҚ Инсайдерлік ақпаратқа өкімдік жүргізуге және пайдалануға ішкі бақылау жүргізу ережелерін бұзғаны үшін (лауазымды тұлғаларды қоса алғанда) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

Қол қойып, осы хабарламаның қол қойылған көшірмесін Банкке Банк Инсайдерлер тізімін қоса бере отырып (Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жетімді тұлғалар), осы хабарламаны алған күннен бастап, екі жұмыс күннен кешіктірместен беруді сұраймыз.

Аты-жөні, қолы _____
Лауазымы _____
Күні _____ М.О.



«Альфа-Банк» ЕБ АҚ инсайдерлік
ақпаратқа өкімдік жүргізуге және
пайдалануға ішкі бақылау жүргізу
ережесіне
№4 Қосымша

Хабарламаны жіберген күн:
«__» _____ 20__ ж.

**«Альфа-Банк» ЕБ АҚ Инсайдерлер Тізімінен шығару/«Альфа-Банк» ЕБ АҚ
Инсайдер мәртебесі туралы хабарлау**

Осымен

Сізге
байланысты

«Альфа-Банк» ЕБ АҚ Сізді «Альфа-Банк» ЕБ АҚ Инсайдерлер Тізімінен
шығарылғандығы/ «Альфа-Банк» ЕБ АҚ Инсайдер мәртебесі жөнінде хабарлайды.

«__» _____ 20__ жылғы ЕБ АҚ Инсайдер мәртебесіне ие болу туралы
хабарлама жарамсыз деп танылады.

«Альфа-Банк» ЕБ АҚ Инсайдер мәртебесіне ие болуға байланысты туындаған
міндеттеме осы Хабарламаға қол қойған мезеттен бастап өз күшін жоғалтады.

(Аты-жөні, қолы)

Күні _____

**Акционерлер мен инвесторларға хабарланатын Банктің Директорлар Кеңесімен
қабылданған шешімдер мәселелерінің тізімі**

7.	Банктің ірі мәмілелер жасауы туралы ақпарат
8.	Банктің мәміле жасағанда қоғаммен қызығушылық танытылатын мәмілелерді жасау туралы ақпарат.
9.	Банк активтерінен бес және одан көп пайызды құрайтын сомаға Банк мүлігін кепілге беру (қайта кепілге беру) туралы ақпарат
10.	Банктің меншік капиталының мөлшерінен 25 және одан көп пайызды құрайтын мөлшерде Банкпен қарыз алу туралы ақпарат.
11.	Банк органдарының құрамы өзгергендігі жөніндегі ақпарат.
12.	Банктің Жарғысына, сондай-ақ, Банктің бағалы қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес Банк акционерлерінің және инвесторлардың қызығушылығын танытатын басқа оқиғалар туралы ақпарат.